

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ШЫҢЖАҢ ХАЛЫҚТЫҚ РАДИОСЫ МЕН ҚАЗАҚ РАДИОСЫНЫҢ РУХАНИ ҮНДЕСТІГІ

Хахан Айдынгүл

zhur.enu@mail.ru

ЕҰУ-дің Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты, Астана
Қазақстан

Ғылыми жетекші – Р.Нуриден

Шыңжаң халық радиостанциясының қазақ редакциясы 1994 жылы желтоқсан айында жасанды байланыс серігі арқылы қысқа және орта толқындарда және интернет байланысы арқылы күніне 18 сағат бойы қазақша хабар тарата бастады. Қазақ тіліндегі бұл бағдарламалар Шыңжаң өлкесін толық қамтумен бірге көршілес Моңғолияны, Қазақстанды, Қырғызстанды, Ресейді, Тәжікстанды тіптен Азияның басқа мемлекеттерін және Тынық мұхит жағалауы елдеріне дейін толықтай қамтып отыр. Шыңжаң халық радиосының қазақ тіліндегі күнделікті хабарларын кез келген уақытта интернет арқылы тыңдауға болады. Ол үшін Шыңжаң радиосының қазақша интернет сайтына кіру керек. Шыңжаң қазақ радиосының интернеттегі адресі - www.xjbs.com.cn. Осы адрес арқылы Шыңжаң радиостанциясының қазақ тіліндегі хабарын және одан басқа қытайша, ұйғырша, қырғызша және моңғолша хабарларын тыңдауға болады[1]. Қазақша интернет сайты 2003 жылы 17 желтоқсанда ресми түрде ашылды. Қытайдағы бірден-бір қазақша хабар сайты саналатын «Шыңжаң хабарлары сайтының қазақша тор бетінің» құрылымдық жағдайына тоқталар болсақ:

–Тораптың (сайттың) негізгі бетінде радиода күн сайын берілетін сан алуан хабарлар туралы, арнайы бағдарламалар жайында және радионың басты мақсаты және ерекшелігі туралы айтылады. Осы тор бетіндегі хабарлар мен бағдарламаларды интернет арқылы тікелей тыңдай аласыз.

– Бұл торап беті ұлттық сипатта, көркем жазумен өрнектелген. Торап бетінде әдебиет-көркемөнер, тұрмыс ақылшысы, оқу-ағарту, суреттер жинағы секілді қосымша беттер бар.

– Әдебиет-көркемөнер бетіне осы салаға қатысты хабарлар, қазіргі заман әндері, әдеби әңгімелер, радио театры, қызықты көріністер, комедиялық қойылымдар, ақындар айтысы, өнер иелері жайындағы хабарлар енеді.

– Тұрмыс ақылшысы бетінде қазақ халқының ұлттық тағам түрлері таныстырылады. Сонымен бірге жанға жайлы саяхат орындары, денсаулыққа қатысты ақыл-кеңестер, түрлі тағамдардың жасалу әдістері таныстырылады.

– Оқу-ағарту ұлт сапасына тікелей байланысты маңызды фактор. Мұнда сіз оқу-ағартуға қатысты хабар-ошардан дәл уақытында хабардар бола аласыз. Қытайша, қазақша хабарларды көріп отырып, салыстыра үйренуге болады.

– Суреттер жинағы бетінде суретті хабарлар көрсетумен бірге, әдет-ғұрыптық, тұрмыстық әдемі, әжуа суреттер қойылады.

– Станция ахуалы бетінде қазақ тіліндегі бағдарламалар таныстырылады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі бағдарламалардың уақыт кестесі, қазақ редакциясында еңбегі сіңген азаматтар мен азаматшалар туралы қысқаша таныстырылады. Сонымен бірге радио тыңдармандары мен жанашырларынан келген хаттардың мазмұны ашық жарияланып, жұртшылық назарына ұсынылып отырады.

Осылайша, 60 жылға жуық тарихы бар қазақ тіліндегі радио бел-белестен, асқар асулардан өтіп, бүгінгі күнгі кемелденген радиоға айналып отыр. Халықтың рухани шөлін басу, бағдарламалардың баурау қуатын күшейту, ел арасындағы ән-күй мұраларын дер кезінде жинау мақсатымен де жер-жерге арнаулы адамдар жіберіліп, қыруар ән-күйді таспаға түсіріп, жариялады. Тұңғыш рет радиотеатрында аударып жасады. Ерікті тілшілер қосынын қалыптастырумен қатар, радио тілшілер қосынын құрды. Сонымен бірге телефон желісін

тікелей эфирде қабылдап тарататын «Денсаулық-зор байлық», «Жүргізуші бағдарламасы» сияқты көптеген хабарлар жарыққа шықты. Көп жылдар тоқтап қалған радиотеатрын жасау қайта жоспарға еніп, үш-төрт жылда қырық-елу қойылым жасалып, таратылды.

Бұл ортада жұмыс істеген қазақ журналистерінің бірі, 58 жылын радиоға арнаған, эфирден толығымен 50 роман оқыған ардагер журналист, диктор Мұратбек Тесебаев - шетелдегі қазақ журналистикасының дамуына елеулі еңбек сіңірген тұлға. **Қытайдағы Қазақ радиосында дәл осы уақытта осы кісінің оқуымен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы беріліп жатыр. Бұл ұлы ақынның 170 жылдығына орайластырылған шара болуы керек.** 1995 жылы данышпан ақынның 150 жылдық мерейтойына орай, «*Абай жолы*» романын радиода 160 күнге бөліп, 80 сағат оқыған. Кейін 2005 жылы Шыңжаң халық радиостанциясынан екінші рет қайта берілген. Енді 2015 жылы Абайдың 170 жылдығына орай тағы да берілу үстінде. Бұлардың бәрі ұлы ақынның қаламынан туған аса кесек туындының ұрпақтар санасында қайтадан жаңғыртылып жатыр деген сөз[2].

Ол радиодан 50 роман оқыған. «Абай жолы» романының толық нұсқасын Қазақстандық ақын, баспагер Есенғали Раушанов деген бауырымыз келіп бізден сатып алып, Бейжіңдегі Ұлттар баспасының өңдеуімен 8 дискіге көшіртіп, 10 мың таралыммен алып кетті», - дейді журналистің өзі. Ол Есенғалидан «Қазақстанда роман оқи алатын адамдар көп, бұны не қыласындар», деп сұрағанда олардың берген жауабынан ұққаны «Әнуарбек Байжанбаевтар бар кезде оқыса оқушы еді, бірақ романды толығымен оқу деген дәстүр Қазақстанда жоқ. Бұны біз мектеп оқушыларының сөзді дұрыс дыбыстап үйренуі үшін қосымша оқулық ету мақсатында алып отырмыз» деген жауап алады.

Қытай қазақ ақпаратының саны жағынан Қазақстаннан кейінгі екінші орында. Шыңжаң өңірінде қазақ тілінде оннан астам газет, отыздай журнал, 40-қа жуық интернет сайт, 3 телеарна, күніне 18 сағат қазақ тілінде хабар тарататын «Шыңжаң халық радио» станциясы, 7 баспа және Бейжіңнің өзінен хабар тарататын «Орталық радио» станциясы, «Ұлттар баспасы» бар. рiмжiден шығатындары – «Шыңжаң» газетi, Шыңжаң Ғылым техникалық газетi, оқу ағарту т. б. төрт газет. Шыңжаңдағы халық радиосы 1955 жылы 15 ақпанда қазақша алғашқы хабарын тарата бастады. Сол кезден бастап Шыңжаңның радио істерінде жаңа бір бет ашылды. Қытайдағы қазақ радиосының алғашқы дикторы Кәрімбек Әлімбаев Шыңжаң радиосынан әлемге қазақша алғашқы хабарды қалай жеткізгенін: «1955 жылдың 15 ақпаны өмірімдегі есімнен кетпес күн. Сол күні диктор Сарқыт Байтақова екеуіміз «Шыңжаң халық радио станциясынан сөйлеп тұрмыз» деп радио хабарын қазақша дүниеге тараттық. Сол күннен бастап еліміздің радио тарихында қазақ үні эфирге тарады»,—деп еске алады [3].

1990 жылдың 12 қарашасында Алматы ҚазақКСР мемлекеттік телерадио комитеті мен ШҰАР радиотелехабарлар басқармасы арасында аймақаралық байланыстарды нығайтуға және дамытуға ықпал ететін шартқа қол қойды. Негізінен, Қытайдағы қазақ диаспорасының өзіндік қалыптасқан өзгеше стилі мен ерешеліктері болатынын айтпаса да түсінікті. Осы ретте салыстырма ретінде Қазақ радиосына да тоқтала кеткеніміз жөн.

Қазақ радиосы – [Қазақстан](#) тұрғындарына, [ТМД](#) елдерінде және шет елдерде тұратын қазақ тыңдармандарына хабар тарататын радио желі. Қазақ радиосы хабарлары [Астана](#) мен [Алматыдан](#) берілетін [радио](#) хабарынан және облыс орталықтары хабарынан тұрады. Хабарлар ұзын, орта, қысқа және ультрақысқа толқындарда жұмыс істейтін радио станциялаы арқылы таратылады.

[Қазақ](#) радиосы қазақ, [орыс](#), [неміс](#), [ұйғыр](#), [Әзірбайжан](#), [түрік](#), [корей](#), [татар](#) тілдерінде хабар береді. Ол жедел ақпараттан (жаңалықтар, шолулар, [репортаждар](#), т.б.), қоғамдық-саяси, экономикалық, ғылыми, [білім](#) беру, әдеби-драмалық, музыкалық, спорттық және басқа хабарлардан құралады.

Республикалық радио хабары [1931 жылы](#) 4 мамырында өлкелік “[Еңбекші қазақ](#)”, “Советская степь” радио газеттерінің алғашқы нөмірлерінің мақалаларын берумен басталды.

Оның 60-тан астам қоғамдық-танымдық, жиырмаға жуық музыкалық ойын-сауық бағдарламасы бар (2003)[4].

Қазақ радиосындағы таңғы ойын-сауықтық бағдарлама «Қайырлы таң, қазақ елі», ақпараттық сараптамалық бағдарламалар қатарында Жаңалықтар мен «Астана-Мәскеу» радиокөпірі бар. Жоғарыда Шыңжаң радиосындағы денсаулыққа қатысты бағдарламамен мазмұндас бағдарлама Қазақ радиосында «Денсаулық» деп аталады.

«Қазақ радиосы» әлемнің түкпір-түкпірінде мекен ететін қазақ диаспорасының тыныс-тіршілігін баяндау, атамекенді аңсаған алыстағы ағайын атажұртқа ат басын бұрған қандастарымызды халыққа таныстыру мақсатында «Алыстағы ағайын» бағдарламасын шығарған. Ол әлеуметтік бағдарламалар редакциясының құрамына кіреді. Бағдарлама жетекшісі – Еділ Анықбай. Жүргізушісі – Жазира Амантайқызы. Эфирге аптасына бір рет әр жексенбі сағат 14,05-те шығады. Форматы – таспа[5].

Бұл бағдарламаның мақсатымен үндес, әрі осы міндетті атқарып отырған Шыңжаң радиосы – шетелдегі қазақтар туралы толық ақпарат беретін қызметін жан-жақты атқарып келе жатыр. бұл радионың хабарларының зерттеу өзектілігі – шетелдегі қандастарымыздың өмірін көрсетіп, олардың рухани қазынасынан хабар береді. Күн-көріс тіршілігі мен, жат жердегі қазағымыздың өмір тынысы, тіршілік көрінісі. Сондықтан да оны зерттеудің маңызы зор, әрі оған деген қажеттілік күннен күнге артып келе жатыр. сол себепті де жат елде жүрсе де, бойына қазақтың рухын сөндірмей, осындай радио шығарып, қазақы тәрбие беріп, ұрпағын жаттың жерінде қазақы қалпын сақтауға септігін тигізіп отырған радионың маңызы зор екеніне сенімдімін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. www.xjbs.com.cn.
2. http://www.qazaq-alemi.kz/kazakh_in_world?id=50
3. Түркістан газеті. // 28 - Қараша. – 2011
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005
5. <http://kazradio.kaztrk.kz/kz/programs/alystagy-agaiyn>

УДК 34.01:070

ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ

Шурентаев Аманкелді Мейрамұлы

shurentaev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану
факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - А.О.Есдәулетов

Еліміз ұзақ тарихи жолдан өтіп бүгінге жетті. Тәуелсіз мемлекет құрылып, қазақ елі бүкіл әлемге таңылды! Құқықтық мемлекет орнатып жатқан Қазақстан үшін бұқаралық ақпарат құралы азаматтардың құқықтық сауатын ашуда таптырмас құралға айналып отыр. Тіпті, бүгінгі күні кез келген БАҚ өкілі тергеу органдарының қызметі, полиция мен прокуратура, судьялардың үкімі туралы күн сайын ақпарат таратады. Алайда, құқықтық сараптама жасауда осы салаға мамандандырылған журналистің жетіспеушілігі анық аңғарылады. Қазір кез келген қолына қалам алған заманауи журналист заңнамалық және құқықтық қызметтің қыр-сырына қанық болуы қажет. Өйткені, құқықтық журналистика оқиға орны мен сот отырыстарында журналистің нағыз маман ретінде жұмыс істеуіне үлкен мүмкіндік береді.